

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 мамырдағы N 477 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 763 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.14. N 807 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.14. N 807 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 мамырдағы N 477 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 15, 134-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары туралы ережеде:

2-тармақтың екінші абзацындағы "Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы" деген сөздер "Білім және ғылым министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші абзацындағы "алуды" деген сөзден кейін "және ізденушінің нақты шығармашылық үлесі бойынша оның мәлімделген авторлыққа (тең авторлыққа) сәйкестігін анықтауды" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссиясы туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы "Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының" деген сөздер "Білім және ғылым министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың үшінші абзацы "Мемлекеттік сыйлықтарды" деген сөздердің алдынан "ізденушінің нақты шығармашылық үлесі бойынша оның мәлімделген авторлыққа (тең авторлыққа) сәйкестігін анықтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың жетінші абзацындағы "Ғылым министрлігіне-Ғылым академиясына" деген сөздер "Білім және ғылым министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі

жанындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Павлов Александр Сергеевич орынбасары, төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,

Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы төрағаның орынбасары - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі,

Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

көрсетілген құрамнан Мұхаметжанов Бауыржан Әлімұлы, Беркімбаева Шәмша Көпбайқызы, Сейсембаев Манас Ахметжарұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*